

**«ҚР білім және ғылым жүйесін жаңыртудың концептуалдық негіздері» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының аясында 2023 жылғы 7 қазанда «Мектепке дейінгі тәрбие мен білім сапасы: ғылым, тәжірибе, өзгерістер» тақырыбындағы секция жұмысы жүргізілді.**

Секция жұмысына ғалымдар, мектепке дейінгі сала мамандары, сарапшылар, әдіскерлер, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлер, педагогтер қатысты.

Құттықтау сөзбен, секция жұмысын Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры м.а. **Искакова Гүлнара Кайрулловна** ашып берді.

Секция жұмысын педагогика ғылымдарының докторы, Л. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры **Жиенбаева Сайра Нагашыбаевна** жалғастырды.

Секция отырысында келесі маңызды тақырыптарға баяндамалар жасалып, талқылау, пікір алмасу жүрді.

**1. «Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын трансформациялау: мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің міндеттерін іске асыру және басымдылықтар»** тақырыбында ҚР ОАМ балаларды ерте дамыту институтының директоры **Адамова Манара Елекенқызы** баяндама жасады.

**2. «Балалар шығармашылығының дамуына ойын жағдайы сапасының әсері»** тақырыбында педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, РФ Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университетінің жүйелік жобалар институтының баланы дамыту зертханасының жетекші ғылыми қызметкері **Шиян Ольга Александровна** сөз алды.

**3. «Мектепке дейінгі білім беру жүйесіне инклюзивті тәжірибелерді енгізу ерекшеліктері»** тақырыбында филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, әлеуметтік және жас ерекшелік педагогикасы кафедрасының меңгерушісі **Шаяхметова Айсұлу Алкешовна** сөз алды.

**4. «Балабақша қызметкерлерін оқытудың мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруға әсері»** тақырыбында зерттеу тобының мүшесі, жобадағы жетекші ғылыми қызметкер **Киикова Гаухар** баяндама жасады.

**5. «Жабдықталған қызығушылық орталықтарының ортаңғы топтағы балалардың дағдыларын дамытуға әсері»** тақырыбында Шымкент қаласының «Аламан» балабақшасының әдіскері **Арыстанова Гаухар** өз тәжірибесімен бөлісті.

**6. «Топтағы екі тәрбиеші: Алматы облысының "Еркем-ай" ауылдық балабақшасының кейсі»** тақырыбымен «Bilinvest» Ұлттық білім саласы инвесторлары ассоциациясының вице-президенті, жеке МДҰ құрылтайшысы **Батырбекова Күләнда Уалихановна** сөз алды.

Жеке мектепке дейінгі ұйымдар ассоциациялары сапалы тәрбие мен білім беруді қамтамасыз ету мақсатында өз қауымдастығына кіретін балабақшалардың жұмысын үздіксіз жетілдірумен айналысады. 2022 жылы зерттеу аясында жүргізілген пилоттық жобаларға да белсенді қатысып, бізбен бірге көп тәжірибе жинақтады.

**7. «Математика және ойын: балабақша тобында математикалық іс-әрекетті ұйымдастыру»** тақырыбында Алматы облысының Боралдай ауылының «Умная пчелка» балабақшасының меңгерушісі және әдіскері **Толстокорова Олесяға**, осы балабақшаның педагогы **Воробьева Анастасия Сергеевна** өз тәжірибелерімен бөлісті.

**8. «Баланың даму деңгейі мен динамикасы - мектепке дейінгі білім беру нәтижелілігінің сапасын бағалаудың қажетті индикаторлары»** тақырыбында, пилоттық жоба аясында баланың қоршаған ортасын трансформациялау бойынша керемет тәжірибе үлгісін көрсеткен Астана қаласындағы № 95 «Алматы» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі **Смакова Анар Долдабековна** тәжірибе бөлісті.

2021-2023 жылдары жүргізілген зерттеу жұмыстарының бір бағыты мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау және сапа өлшемшарттарын әзірлеп, енгізу болатын. Балаларды ерте дамыту институтының зерттеу тобының құрамында жас ғалымдар мен сарапшылар бұл жұмыстарды жан-жақты терең бақылау мен зерттеу негізінде талдап, қорытындысын жария етті.

Зерттеу жұмыстарының аясындағы нәтижелерімізбен, алдағы жоспарларымызбен бөлістік. Мектепке дейінгі білім беру саласында сапаға қол жеткізуге ұмтылысымыз жалғаса бермек.

<https://youtu.be/SkcD06fDGIw>

<https://youtu.be/allSfViorK?si=u0sR25kcHkl2JLoO>

[https://youtu.be/z\\_9Sy2KG1QI?si=HRuV8sd7RIYgdpgJ](https://youtu.be/z_9Sy2KG1QI?si=HRuV8sd7RIYgdpgJ)

<https://youtu.be/qauSMjwGU2E?si=mZFFUtgL5UcxUgMM>

[https://youtu.be/QLvZ\\_IzxiDk?si=PQBS07ESzwL\\_FjHR](https://youtu.be/QLvZ_IzxiDk?si=PQBS07ESzwL_FjHR)